



Rolex Deepsea

Oyster, 44 мм, сары алтын

Rolex Deepsea
18-караттық сары
алтын жасалған Oyster
Perpetual Көк
керамикадан жасалған
Serachrom безелінің
тегерігі және Oyster
білезігі.



КЕРАМИҚАЛЫҚ БЕЗЕЛЬ ЖӘНЕ ЛЮМИНЕСЦЕНТТІ
ДИСПЛЕЙ

Сүңгуірлердің аңызға айналған сағаты

Rolex Deepsea моделінің 60 минуттық етіп ойылған, бір бағытта айналмалы безелі сүңгуірлерге сүңгу уақытында және декомпрессиондық тоқтау кезінде уақытты дәл және қауіпсіз бақылауға мүмкіндік береді. Таңбаның үшбұрышты «нөлдік» белгісі ұзақ уақытқа жететін көгілдір жарық шығаратын люминесцентті материалы бар енгізілген капсула арқасында қараңғыда көрінеді. Безельдегі таңба сары алтынның жұқа қабатымен PVD (Physical Vapor Deposition – металл буларын конденсациялау) технологиясы арқылы жабындалған.

Компрессиялық сақинада, циферблатта және Serachrom безелінде кездесетін көк түстің реңкі корпустың 18-караттық сары алтынымен және Oyster білезігімен ерекшеленетін мұхиттың нәзік палитрасын жасау үшін біріктіріледі.



КӨК ЦИФЕРБЛАТ

Су астында оқылу үшін

Сары түсте ұнтақталған «DEEPSEA» жазуы бар көк лакпен сырланған циферблат. Минимализм стилінде жасалған циферблатта Chromalight ірі көрсеткіштері мен таңбалары ерекшеленеді, оған қараңғы кезде керемет көруге болатын ұзақ уақытқа жететін ашық көк жарық люминесцентті материалмен толтырылған.

Сағат таңбаларының үшбұрыштар, шеңберлер және тіктөртбұрыштар тәрізді қарапайым пішіндері және өлшемі мен пішінін анық ажыратуға болатын тілдері люминесцентті материалмен толтырылған немесе жабындалған, олар дәстүрлі фосфоресцентті

материалдардан екі есе ұзақ уақыт көгілдір жарқыл шығарады.



18-КАРАТТЫҚ САРЫ АЛТЫН

Кемелдікке талпыну

Өзінің ерекше жеке құю өндірісімен, Rolex-те жоғары сапалы 18-караттық алтын қорытпаларын құюдың қайталанбас мүмкіндігі бар. Күміс, мыс, платина немесе палладийдің үлес салмағын қосып, 18-караттық алтынның әр түрлі түрлері алынады: сары, қызғылт немесе ақ.

Қоспасыз металдардан алынған алтын қорытпасы компанияның ең соңғы технологиясымен жабдықталған зертханасында мұқият бақылаудан өтеді. Содан соң оның сапасына ерекше назар аудара отырып, одан қажетті бөлшектер жасалады.

Rolex бұйымының кемелдікке ұмтылысы өзінің шығу жерінен бастауын алады.



OYSTER БІЛЕЗІГІ

Пішін мен функцияның алхимиясы

Oyster білезігі - берік әрі ыңғайлы болу үшін жасалған пішін мен функцияның, эстетика мен технологияның тамаша синтезі.

Ол кездейсоқ ашылып қалмайтын Oysterlock түймелігімен және ерекше Glidelock жүйесімен жабдықталған, ол білезік ұзындығын сүңгуір костюмінің сыртынан ыңғайлы тағуға мүмкіндік беретін құралдарды пайдаланбай дәл реттеуге мүмкіндік береді.

Толығырақ техникалық деректер Deepsea

Сілтеме 136668LB

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 44 мм, сары алтын

Диаметрі

44 мм

Безель

Бір бағытта айналмалы 60 минуттық етіп ойылған, көк керамикадан жасалған Cerachrom безелі сызатқа төзімді, сандар және межеліктегі таңбалар алтынмен қапталған

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, үш есе суға төзімді Triplock жүйесі

Кристал

Дөңес, қалыңдығы 5,5 мм, сызаттардың пайда болуына төзімді, жақұтты

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 3900 метрге / 12800 футқа дейін, гелиийдің шығару клапаны

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты түрде құлағынан бұрау

Калибр

3235, Rolex өндіру зауыты

Қуат қоры

Шамамен 70 сағат

Білезік

Түрі

Oyster, үшқатарлы сом түйіндер

Білезік материалы

18-караттық сары алтын

Түймелік

Жиналмалы тоғамен Oysterlock
қауіпсіздік түймелігі, Rolex Glidelock
ұзарту жүйесімен

Циферблат

Түрі

Көк

Сертификаттау

Түрі

Дәлдігі жоғары хронометр
(механизмді корпусына орнатқаннан
кейін COSC + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты Rolex.com сайтында зерттеңіз және біліңіз

**Сауда белгілері, қызмет көрсету
белгілері, сауда атаулары, дизайн және
авторлық құқық тәрізді барлық
зияткерлік меншік құқықтары
қорғалған.**

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты
жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды.
Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы
модельдерді өзгерту құқығын өзіне
қалдырады.

